

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Жансая»
облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын жиналысының
ХАТТАМАСЫ

№ 1

Кентау қаласы

26.03.2026 жыл

Төрағасы: Ж.Жүрұмбаева – басшы
Қатысушылар: Кәсіпорынның қызметкерлері, жұмысшылары. (Бөлім
меңгерушісі, дәрігерлер, өзге де қызметкерлер, техникалық персоналдар)
Хатшы: Қ.Уытов - МСА есепшісі.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы
(2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ);

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (Қазақстан
Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ); **(ҚР
Қылмыстық Кодексінің 189, 190, 218, 249, 361, 362, 364, 365, 366, 367, 368,
369, 370, 450, 451, 452 баптарына тоқталу);**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі (2014 жылғы 5 шілдедегі
№ 235-V ҚРЗ);

(«Пара» деп саналады және оған қандай жаза көзделгендігі туралы түсіндіру)
сондай-ақ жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында,
ақпараттық қайталау түсіндірме жұмыстары туралы.

Бөлім меңгерушісі М.П.Байжұматова жиналысты ашық деп
жариялап, кәсіпорынның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы
(2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ); ҚР Заңының, ҚР Қылмыстық
кодекс және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексiнiң бiрнеше
баптарын таныстырып өтті, ақпараттық қайталау түсіндірмесін таныстырып
хабарлау үшін кәсіпорын басшысының орынбасары Ж.А.Жүрұмбаеваға сөз
берді.

Ж.А.Жүрұмбаева сөзді алып, Қазақстан Республикасының
Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3
шілдедегі № 226-V ҚРЗ); **(ҚР Қылмыстық Кодексінің 189, 190, 218, 249,**

361, 362, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451, 452 баптарына тоқталып, қысқаша түрде тармақтарды түсіндіріп өтті.

Мұнда сеніп тапсырылған мүлікті талан-таражға салу, алаяқтық, Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату), билікті асыра пайдалану және т.б. қылмыстық кодекстің баптарды талқылап өтті. Сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күрес қана емес, оның алғы шарттарын жою үшін назар аударуға, мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуды қамтамасыз етуді мәлімдеді.

Содан соң, М.П.Байжұматова - Қазақстан азаматтарының осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруға бағытталған іс-шара болып табылады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі (2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ); **Қандай сыйлық «Пара» деп саналады және оған қандай жаза** көзделгендігі туралы түсіндірді.

Яғни, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің **676-бабына** сәйкес кез келген сыйлық, жеңілдік, тіпті қызмет көрсету **заңсыз материалдық сыйақы (пара)** деп танылады.

Егер сыйлық осы сомадан арзан болса (мысалы, тіпті 100 теңге), онда пара беруші әкімшілік жазаға тартылады - 200 АЕК - 690 000 теңге көлемінде айыппұл салынады.

Ал пара алушыға (сыйлықты қабылдаған) Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 677-бабына сәйкес 600 АЕК немесе 2 миллион 70 мың теңге көлемінде айыппұл салынады.

Бір сөзбен, кез келген құнды немесе арзан сыйлық пара болып есептеледі. Ал сыйлық 2 АЕК - 6900 теңгеден асса, бұл қылмыстық құқықбұзушылық болып саналады. Бұл туралы Қылмыстық кодексінің 367-бабындағы ескертпеде жазылған.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, кәсіпорын қызметкерлері тарапынан қойылған сауалдарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы Ж.Жұрұмбаева жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрағасы:

Ж.Жұрұмбаева

Хатшы:

Қ.Уытов